

## **Аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 358 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабының 5-тармағына, 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына және 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 2-бабының 3-тармағына сәйкес, Махамбет аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес аудандық мәслихаттың кейбір шешімдері жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен тыс  
38 -сессиясының төрағасы*

*А. Қабенов*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*А. Құрманбаев*

Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 13  
қаңтардағы № 358 шешіміне қосымша

## **Аудандық мәслихаттың жойылған кейбір шешімдердің тізбесі**

1. Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 246 "2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3079 тіркелген, "Жайық Шұғыласы" газетінің 2014 жылғы 29 қаңтар-19 ақпандағы №№ 4-7 (6161-6164) сандарында жарияланған) шешімі;

2. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 27 наурыздағы № 268 "Махамбет аудандық мәслихатының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 246 "2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3172 тіркелген, "Жайық Шұғыласы" газетінің 2015 жылғы 23-30 сәуірдегі № 16,17 (6173, 6174) сандарында жарияланған) шешімі;

3. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 24 маусымдағы № 293 "Махамбет аудандық мәслихатының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 246 "2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3250 тіркелген, "Жайық Шұғыласы" газетінің 2015 жылғы 16 -23шілдедегі № 28-29 (6185, 6186) сандарында жарияланған) шешімі;

4. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 315 "Махамбет аудандық мәслихатының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 246 "2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3307 тіркелген, " Жайық Шұғыласы" газетінің 2015 жылғы 08-15 қазандағы №№ 40, 41(6197-6198) сандарында жарияланған) шешімі;

5. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 20 қарашадағы № 327 "Махамбет аудандық мәслихатының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 246 "2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3383 тіркелген, " Жайық Шұғыласы" газетінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 51 (6208) санында жарияланған) шешімі;

6. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 20 қарашадағы № 333 "Махамбет аудандық мәслихатының аппараты мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3367 тіркелген, " Жайық Шұғыласы" газетінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 49-50 (6208) сандарында

.